

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Д. М. Абдилова № 01

2022-2023 оқу жылының
басталуын, ұзақтығын және
каникул кезеңдерін айқындау туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жашы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес, Ақмола облысы білім басқармасының 2022 жылғы 18 тамыздағы №250, Степногорск қаласы бойынша білім бөлімінің 2022 жылғы 24 тамыздағы №196 бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағамыстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезең мынадай мерзімдері айқындалсын.
 - 1) 2022-2023 оқу жылының басталуы – 2022 жылғы 1 қыркүйек;
 - 2) Оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда – 36 оқу аптасы;
 - 3) Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:
 - 1) 1-11 сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан – 6 қараша), қысқы каникул – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан – 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі – 9 күн (2023 жылғы 18 наурыз – 26 наурыз аралығында);
 - 1-сыныптарға қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында).
2. Осы бұйрықтың орындалуын басшының оқу-тәрбие жұмысы бойынша орынбасары Д. М. Абдиловаға жүктелсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басшы



А. Қапалыпа